

**"2010-2012 жылдарға арналған Өскемен қаласының бюджеті туралы" 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 20/2 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысының Өскемен қалалық мәслихатының 2010 жылғы 27 мамырдағы N 24/2 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Өскемен қалалық әділет басқармасында 2010 жылғы 01 маусымда № 5-1-147 тіркелді. Қабылданған мерзімінің бітуіне байланысты күші жойылды - Өскемен қалалық мәслихатының 2011 жылғы 06 қаңтардағы № 03-09/2 хаты

**Ескерту. Қабылданған мерзімінің бітуіне байланысты күші жойылды - Өскемен қалалық мәслихатының 2011.01.06 № 03-09/2 хаты.**

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 109 бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабының 1 тармағының 1) тармақшасына, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының «2010 - 2012 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 17/222-IV шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 17 мамырдағы № 21/269-IV (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2531 нөмірімен тіркелген) шешіміне сәйкес, Өскемен қалалық м ә с л и х а т ы

**Ш Е Ш Т І :**

1. Өскемен қалалық мәслихатының «2010-2012 жылдарға арналған Өскемен қаласының бюджеті туралы» 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 20/2 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізімінде 5-1-127 нөмірімен тіркелген, 2010 жылғы 21 және 23 қаңтардағы «Дидар» газетінде, 2010 жылғы 22 және 25 қаңтардағы «Рудный Алтай» газетінде жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешімге 1 қосымшадағы «II. ШЫҒЫНДАР» бөлігінде:

1 2 ф у н к ц и о н а л д ы қ т о п т а :

«Көлік және коммуникация» жолындағы «1 396 485,1» деген сандар «1 378 903,1» деген сандармен ауыстырылсын;

«Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» жолындағы «1 396 485,1» деген сандар «1 378 903,1» деген сандармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

«Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» жолындағы «765

685,1» деген сандар «748 103,1» деген сандармен ауыстырылсын:

15 функционалдықтапта:

«Трансферттер» жолындағы «159 505,4» деген сандар «177 087,4» деген сандармен ауыстырылсын;

«Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі» жолындағы «159 505,4» деген сандар «177 087,4» деген сандармен ауыстырылсын;

«024 «Мемлекеттік органдардың функцияларын мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейлерінен жоғарғы деңгейлерге беруге байланысты жоғары тұрған бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» 17 582» деген жолмен толықтырылсын.

2. Осы шешім 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*С. Сайлаубаев*

*Қалалық мәслихаттың хатшысы*

*В. Головатюк*